

Кең Жылыойға көктем келді!

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі
Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ

№5(1016)

6 наурыз

Бейсенбі

2025 жыл



ҚҰЛСАРЫ

e-mail: sisenberdiev@mail.ru

Республикалық газет

12+

Ардақты әйелдер, аналар, апалар мен қарындастар!

Сіздерді көктемнің керемет мерекесі — Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн әрбір әйелдің жан сұлулығы мен асыл қасиеттерін ерекше бағалайтын, қоғамдағы маңызды рөлін мойындайтын мереке. Әйел — өмірдің ең әсем жаратылысы, отбасының ұйтқысы, қоғамның дамуына үлес қосушы күш. Әрбір әйел — сүйіспеншілік пен мейірімнің көзі, балаларына, отбасы мүшелеріне деген шексіз қамқорлық пен тәрбие бере отырып, қоғамның ілгерілеуіне зор үлесін қосып келеді. Аналарымыздың тәзімділігі, апаларымыздың даналығы, қарындастарымыздың қиялдары мен армандары біздің өмірімізді мәнді етеді. Әрбір ананың жүрегінде баласы үшін, әрбір апаның жанында отбасына деген қамқорлық пен мейірім бар. Бұл қасиеттер сіздерді ерекше етеді. Біздің ауданымыздың әрбір әйелінің еңбекқорлығы, қайсарлығы мен жанашырлығының

арқасында мұнайлы өңір қарқынды дамып келеді. Сіздердің еңбектеріңізге, тәуелсіз еліміздің өркендеуіне қосып жатқан үлестеріңізге шын жүректен алғыс білдіремін.

Бұл мереке тек әйелдерге арналып қана қоймай, ер азаматтар үшін де әйелдеріміздің маңызын, қадір-қасиетін ұғынатын ерекше сәт болсын. Біз сіздердің әрқайсыңызға шынайы құрмет пен ризашылық білдіреміз.

Бүгінгі күн әйелдеріміздің қуанышы мен жайлылығының белгісі болып, олардың барлық армандары орындалсын, жаңа жетістіктерге жетулеріңізге тілектеспін.

Сіздерге зор денсаулық, бақыт пен тыныштық, отбасыларыңызға амандық, табыс тілеймін!

8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні құтты болсын!

Ж.Қаражанов - Жылыой ауданының әкімі.

Жасанды интеллект жалқау шенеуніктерге жақсы болды — депутат

"СЕБЕБІ БҰЛ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДЕГРАДАЦИЯҒА АПАРАТЫН ЖОЛ"

Мәжіліс депутаты Анас Баққожаев жасанды интеллектіден қорқатынын айтты, деп хабарлайды Skifnews.kz ақпарат порталы.

Жасанды интеллектке өз басым абайлап қараймын. Кейде қорқамын. Шын мәнінде қорқамын. Себебі бұл интеллектуалдық деградацияға апаратын жол. Адам өзі ойланп жазбаса, композитор музыкасын шығармаса, заман не болып барады?



Фото: parlam.kz

Біз әлем жасанды интеллект жасады екен деп, соңынан ере береміз бе?! Біздің қазақшылығымыз қайда? Өзіміздің интеллектуалдық мүмкіндігімізді ашатын жолдар қайда? — деп сұрады депутат Мәжілісте.

Ол Жи жалқау шенеуніктердің жұмысын одан сайын жеңілдететінін сынады.

Өткен жолы бір шенеунік Chat GPT-ге өзінің материалдарын салып отыр. Сондағы оның мақсаты - "бастығым тезірек басымнан сипаса екен, берген тапсырманы тез орындайын". Ол миын

қозғалтқысы келмейді. Бұл алма піс, аузыма түс деген жалқау шенеуніктерге жақсы болды. Ал енді Chat GPT-тің ар жағындағы бенефициары кім? Ол материалдарды жинап, ертең өзімізге қарсы пайдаланбайтынына кім кепіл? Министрлікте, жауапты органдарды Жи-ді пайдалануды кім қадағалап жатыр? Қадағалау бар ма, жоқ па? Қанша материал кетіп қалғанын кім біледі? — дейді Баққожаев.

Марина Ахметжанқызы
<https://sn.kz/>



Асыл аналар, қымбатты арулар!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Ана – өмірдің тірегі, отбасының ұйтқысы, мейірім мен ізгіліктің бастауы. Сіздердің даналықтарыңыз бен махаббаттарыңыз қоғамның берекесі мен тұрақтылығына негіз болады. Сондықтан да бұл күн – ерекше мереке.

Тарихымыздағы батыр аналарымыздың ерлігі мен өнегелі істері әрдайым елдің бірлігі

мен өркендеуіне үлес қосып келді. Бүгінде тәуелсіз еліміздің баянды болашағы да Сіздердің еңбектеріңіз бен қамқорлықтарыңызға байланысты.

Осы айтулы күнде баршаңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға береке мен шаттық тілеймін! Әр күніңіз қуаныш пен жақсылыққа толы болсын!

Қ.Адинов, Құлсары қаласы әкімі.



Қасиетті Рамазан және 8 Наурыз мерекесімен барша қыз-келіншектерді шын жүректен құттықтаймын!

Көктем - қоршаған табиғаттың қайта түлеп, жаратылыс атаулының жаңаратын мезгілі. Дәл осы уақыт - көктем шуағымен, көңіл жылыуымен ұштасып, ерекше жайдарлы, жанға қуаныш сыйлайтын мейірім мен рақымға толы кезең. Былғы көктемнің ерекшелігі - қасиетті Рамазан айының да осы уақытқа тұспа тұс келуі.

Адам баласымен табиғатты қатар жаратқан Құдайдың төрт мезгілінің көрінісі де пенде бойынан табылатыны белгілі.

Шаңырағымызға жарық шуақ әкеліп, мейірім мен қуаныш сыйлайтын әйел адам табиғаты да осы көктемнің жайма шуақ күндеріне қатты ұқсайтыны жасырын емес.

Әйел - отбасының ұйтқысы, ұрпақтың тәрбиешісі, қоғамның жарқырап, гүлденіп дамуына өз үлесін қосушы жан.

Бабаларымыз әйел бір қолымен бесікті екінші қолымен әлемді тербетеді деп жәй айтпаған. Мұхаммед Пайғамбарымыз (оған Алланың

салауаты мен сәлемі болсын) салиқалы әйел жөнінде былай деген:

"Бұл дүние - өткіш игілік. Ал, оның ең қайырлысы - салиқалы әйел."

Сондай - ақ, ол салиқалы әйелдің сипаттарын былайша баяндаған:

"Ең жақсы әйел - күйеуіне қараған кезде қуантатын, бір нәрсе бұйырса, мойынсұнатын және оның көзінше де, көзінен тасада да ар - намысын қорғайтын әйел."

Яғни, салиқалы әйел - отбасының берекесі, шаңырақтың нұры. Ол иманды - инабатты, мінезі көркем, үйінің ұйтқысы болатын жан.

Қасиетті Рамазан айымен және көктем мерекесімен барлық мейірімді жандарды шын жүректен құттықтаймын!

Аллатағала сіздерге берекесін беріп, өмір жастарыңызды ұзақ етсін.

Жасұлан Қуанышұлы - Жылыой аудандық мешітінің Бас имамы.

Кремльге соққы: Қазақстан мен Қытай жаңа теміржол бағытын іске қосты

ҚЫТАЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙДІ ТОЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫП ӨТЕТІН ЕУРОПАҒА ЖАҢА ТЕМІРЖОЛ БАҒЫТЫН ІСКЕ ҚОСТЫ. БҰЛ СОҒЫС ПЕН САНКЦИЯЛАРДЫҢ РЕСЕЙДІ СЕНІМСІЗ СЕРІКТЕСКЕ АЙНАЛДЫРҒАНЫНЫҢ ТАҒЫ БІР ДӘЛЕЛІ. ҚЫТАЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН ЖҮКТЕРДІ РЕСЕЙДІ АЙНАЛЫП



Сурет: Qazaqstan tv дан алынды

ӨТІП ЕУРОПАҒА ЖЕТКІЗУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ЖАҢА ТЕМІРЖОЛ БАҒЫТЫН ІСКЕ ҚОСТЫ, ДЕП ХАБАРЛАДЫ СЕЙСЕНБІДЕ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Бұл Мәскеудің транзиттік салмағына ауыр соққы, өйткені бұрын негізгі логистикалық артерия Ресей аумағы арқылы өтіп, табыс пен саяси ықпалды қамтамасыз ететін. Қазір Қытай Ресейге тәуелді болғысы келмейтінін ашық көрсетуде, ал Ресейдің ресми серіктесі болып табылатын Қазақстан Мәскеудің қатысуынсыз жаңа көлік дәлізін ашу арқылы шын мәнінде Пекинмен бірге ойнады.

Алғашқы пойыз Қытайдың Чэнду қаласынан Қазақстан, Түркіменстан, Иран және Түркия арқылы Польшаның Лодзь қаласына жол тартты. Болжалды жол жүру уақыты 40 күн, бұл маршрутты ресейлік транзитке нақты балама етеді. Жоба China Railway Container Transport (CRCT) компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылды.

Бұл Ресейге тиген жалғыз соққы емес. Қытай Ресейді логистикалық тізбектерден толығымен алып тастауға мүмкіндік беретін тағы екі бағытты белсенді дамытуда. Транскаспий халықаралық көлік жолы (ТИР) – Қазақстан, Каспий теңізі, Әзірбайжан және Грузия арқылы. Қырғызстан мен Өзбекстан арқылы өтетін теміржол – одан кейін жүк Каспий теңізі мен Түркия арқылы Еуропалық Одаққа өтеді. Бұл Ресейдің логистикада сенімсіз ғана емес, қажетсіз серіктеске айналып

бара жатқанын білдіреді.

Jamestown Foundation қорының сарапшылары : «Ресей арқылы өтетін жол қауіпті» деп санайды. Украинадағы соғыс, санкциялар мен тұрақсыздыққа байланысты Ресей арқылы өтетін логистика кез келген уақытта бөгіліп қалуы мүмкін, Қытай үшін Еуропа мен Парсы шығанағына тұрақты бағыттардың болуы маңызды. Орталық Азиядағы Due Diligence сарапшысы Әлішер Ильхамов: «Мәскеу болып жатқан жағдайға риза емес, бірақ ол ештеңе істей алмайды», - дейді. Ол Қытаймен қарым-қатынасты бұзбау үшін Ресей бұл жобаны сынап да алмайтынын атап көрсетеді.

Ресей маңызды транзиттік кірістерін жоғалтады: Ресей арқылы өткен Қытай жүк ағыны жаңа бағыттарға ауыстырылуда. Мәскеу бұдан былай Азия мен Еуропа арасындағы логистиканы бақылауда ұстамайды, бұл саяси қысым рычагы қазір Қазақстан, Қытай және Түркияның қолында.

Ресейдің ресми одақтастары өздерінің нақты ұстанымдарын көрсетеді: олар қолдаудың орнына Ресейдің жаһандық саудадан тыс қалдыратын балама жолдарды әзірлеуде. Ресей ақыры изгой - мемлекетке айналып барады және оның серіктестері Кремльге «арқасынан пышақ» болса да, оны айналып өту жолдарын іздейді.

Керімсал Жұбатқанов, тарих ғылымдарының кандидаты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің доценті.
Abai.kz

Нотариус хабарлайды

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесі нотариусы Қушқаров Демесин Түлеугалиевич хабарлайды: 18 ақпан 2025 жылы қайтыс болған **аз. БАБАЕВ ГҮСЕЙНАЛЫДІН** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: **Құлсары қаласы, 1-ші ықшамауданы, №18 үй, ("Zeta" сауда үйінің жанында орналасқан), Тел: 8(71237) 5-68-27.**

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесі нотариусы Қушқаров Демесин Түлеугалиевич хабарлайды: 05 ақпан 2025 жылы қайтыс болған **аз. ДЮСЕНГАЛИЕВ АЛИБЕК КУБАЙДУЛЛАВИЧТИН** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: **Құлсары қаласы, 1-ші ықшамауданы, №18 үй, ("Zeta" сауда үйінің жанында орналасқан), Тел: 8(71237) 5-68-27.**

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы А.К.Шагатаева (Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі 2002 жылы 14 қарашада берген №0001206 лицензия негізінде іс-әрекет етуші) хабарлайды: 2023 жылғы қараша айының 28 жұлдызында қайтыс болған **аз. КОДАРОВ БЕКМУРАТ ТИНШИМОВИЧТИН** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: **Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Газпром, №11 үй №2 пәтер. Байланыс телефоны: 8 775 171 53 02.**

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы А.К.Шагатаева (Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі 2002 жылы 14 қарашада берген №0001206 лицензия негізінде іс-әрекет етуші) хабарлайды: 2024 жылғы қыркүйек айының 04 жұлдызында қайтыс болған **аз. ШУКАНОВА НЫСАННЫН** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің төмендегі мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: **Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Газпром, №11 үй №2 пәтер. Байланыс телефоны: 8 775 171 53 02.**

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесі нотариусы Қушқаров Демесин Түлеугалиевич хабарлайды: 15 желтоқсан 2024 жылы қайтыс болған **аз. ШОТЫБАЕВ ИСАТАЙ САУИРОВИЧТИН** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: **Құлсары қаласы, 1-ші ықшамауданы, №18 үй, ("Zeta" сауда үйінің жанында орналасқан), Тел: 8(71237) 5-68-27.**

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесі нотариусы Қушқаров Демесин Түлеугалиевич хабарлайды: 12.08.2024 жылы қайтыс болған **аз. ШОТЫБАЕВ УТКЕЛБАЕВ СЕЙТ УРЫНГАЛИЕВИЧТИН** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: **Құлсары қаласы, 1-ші ықшамауданы, №18 үй, ("Zeta" сауда үйінің жанында орналасқан), Тел: 8(71237) 5-68-27.**

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесі нотариусы Қушқаров Демесин Түлеугалиевич хабарлайды: 09.12.2024 жылы қайтыс болған **аз. КАППАРОВ НУРЛАН ЕЛИБАЕВИЧТИН** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: **Құлсары қаласы, 1-ші ықшамауданы, №18 үй, ("Zeta" сауда үйінің жанында орналасқан), Тел: 8(71237) 5-68-27.**

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Сүйеубаева Г.Н. №18012660 ҚР Әділет Министрлігінің тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 26.06.2018 жылы берілген лицензия қолданушысы хабарлайды: 2025 жылғы ақпан айының 01 жұлдызында қайтыс болған **аз. МАЙЛИЕВА ЖУМАГИЗДЫН** атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұралады: **Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы 81/8, Байланыс телефоны: 8(701)738 88 39.**

Майкөмген ауылдық округі әкімі аппараты «Майкөмген» мәдениет үйі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны меңгерушісінің бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Лауазымдық міндеттері:

-құрылымдық бөлімшенің жұмысына басшылықты жүзеге асырады;
-шығармашылық, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырады және клуб мүлкінің сақталуын жүзеге асырады;
- елді мекен (ықшамаудан), сондай-ақ жақын маңдағы елді мекен (ауыл, кент) тұрғындары арасында мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастырады;
-клуб жұмысының жоспарын жасайды, бекітеді және оның орындалуын қамтамасыз етеді; -көркемөнерпаздар үйірмелері мен бірлестіктердің жұмыстарын ұйымдастырады;
-демалыс кештерін, тақырыптық концерттер, кештер және көпшілік шараларды өткізеді;
-қоғамдық клуб белсенділері мәдени-көпшілік шаралар жүргізуде әдістемелік көмек көрсетеді.
-іс-шаралар сценарийлерін жасауға басшылық етеді, озық жұмыс тәжірибелерін зерделейді, оны жұмыс тәжірибесіне енгізу тарапы ұсыныстарды дайындайды;
-қадрларды оңтайлы орналастыруды қамтамасыз етеді, құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің өндірістік және еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелерді сақтауын бақылайды;

Білуге міндетті:

Қазақстан Республикасының Конституцияны; Бюджет кодексіні; Еңбек кодексіні;"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы", "Мәдениет туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын; клуб жұмыстарының ұйымдастырылуын.

Қойылатын талаптар:

қадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мәдениет және/немесе білім және/немесе ғылым және/немесе архив ісі және/немесе экономика және/немесе құқық саласында 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша немесе Жұмыс органы бекітетін басым мамандықтар бойынша шетелдік жоғары оқу орнындарын аяқтаған адамдар үшін және кадрларды дайындау бағыттарының бірі: педагогикалық ғылымдар және/немесе өнер және гуманитарлық ғылымдар және/немесе әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат және/немесе бизнес, басқару және құқық және/немесе жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика және/немесе ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және/немесе инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы және/немесе қызмет көрсету (туризм, мәдени-тынығу жұмысы) және/немесе қызмет көрсету (туризм,

мәдени-тынығу жұмыстары) бойынша ғылыми дәрежесі бар адамдар үшін 2 жылдан кем емес.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізбесі:

- 1)Конкурстық комиссия төрағасы атына тұрғылықты тіркеу орнын, нақты тұратын жерін, байланыс телефондарын көрсету мен қоса өтініш;
- 2)Нотариалды куәландырылған жеке тұлғаны куәландыратын құжат көшірмесі;
- 3)Нотариалды куәландырылған білімі туралы құжат көшірмесі, қосымшасымен бірге;
- 4)Нотариалды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 5) Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген "Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)" № 075/е нысаны бойынша анықтама.
- 7) Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби дәярылік деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.
- 8) Сотталықтан болуы не болмауы туралы анықтама;
- Конкурсқа мынадай тұлғалар қабылданбайды:**
 - 1) он сегіз жасқа толмаған;
 - 2) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталығы бар;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалардан құжаттар қабылдау басталатын күн бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап айқындалады. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғалардың құжаттарын қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік он бес күн өткеннен кейін аяқталады.

Біліктілік талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қабылдауды аяқталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде құжаттар тапсырған тұлғаны конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды. Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі бекітілгеннен кейін Комиссия конкурсқа қатысушылар ұсынған құжаттарды зерделейді және күнтізбелік он күн ішінде конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді.

ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ, МАЙКӨМГЕН АУЫЛЫ, АЙНЫМАС КӨШЕСІ, №74 «МАЙКӨМГЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГТ ӘКІМІ АППАРАТЫ» ММ АНЫҚТАМАЛАР ҮШІН ТЕЛЕФОН: 8 (71237)2 7501 ЭЛЕКТРОНДЫҚ ПОШТА: maikumgen@mail.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансОйл» АҚ 14.03.2025 жылдан бастап 5 жұмыс күні ішінде Атырау облысы, Жылой ауданы, «Прорва» МАС мекен-жайы бойынша орналасқан «Прорва» МАС. «Медпункт» блокты-модульді ғимараттың құрылысы» жобасы бойынша жария тыңдаулар өткізеді. Жобалық құжаттама пакетімен ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталдың (ecportal.kz) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

Бастамашы: «ҚазТрансОйл» АҚ, Құлсары қ. Өндірістік аймақ, Құлсары мұнай құбырлары басқармасы, электрондық мекен-жайы: satzhan@kaztransoil.kz, Aronov.M@kaztransoil.kz, тел.: 8 (71237) 73-249, 73-207.

Жобалық құжаттамаы әзірлеуші – «ҚазТрансОйл» АҚ «ЗЭО» филиалы, Ақтау қ., 10 шағын аудан, 10 үй, электрондық мекен-жайы: Kanatbayeva_G@kaztransoil.kz, тел.: 8(7292)479345, 479369.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «КазТрансОйл» проводит публичные слушания с 14.03.2025 года в течение 5 рабочих дней по проектам: «НПС «Прорва». Строительство блочно - модульного здания «Медпункт», расположенного по адресу: НПС «Прорва», Жылыойский

район, Атырауская область.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (ecportal.kz) в разделе «Опубликованные публичные обоснования», для предоставления замечаний и предложений.

Инициатор: АО «КазТрансОйл», г. Кульсары, Промзона, Кульсаринское нефтепроводное управление, эл. адреса: satzhan@kaztransoil.kz, Aronov.M@kaztransoil.kz, тел.: 8 (71237) 73-249, 73-207.

Разработчик проектной документации – Филиал «ЦИР» АО «КазТрансОйл», г. Актау, 22 мкр, здание 10, эл.адрес: Kanatbayeva_G@kaztransoil.kz, тел.: 8(7292)479345, 479369.

Үй сатылады

3 бөлмелі, НПС - 9 үй, Макаренко мектебінің қасы, жол бетте орналасқан. (Қазіргі мекен-жайы Махамбет даңғылы- 114).

Тел: 87013614034.

Аппарат акима Майкүмгенского сельского округа объявляет конкурс на занятие вакантной должности заведующим коммунальным государственным казенным предприятием дом культуры «Майкүмген»

Должностные обязанности:

осуществляет руководство работой структурного подразделения;
-осуществляет творческую, финансово-хозяйственную деятельность и обеспечивает сохранность имущества клуба;
-организует культурно-просветительную работу среди жителей населенного пункта (микрорайона), а также близлежащих населенных пунктов (сел, поселков);
-составляет план работы клуба, утверждает и обеспечивает его выполнение;
-организует работу кружков художественной самодеятельности и объединений;
-проводит вечера отдыха, тематические концерты, вечера и массовые мероприятия;
-оказывает методическую помощь активу общественных клубов в проведении культурно-массовых мероприятий.

-руководит разработкой сценариев мероприятий, изучает передовой опыт работы, подготавливает предложения по внедрению его в практику работы;
-обеспечивает рациональную расстановку кадров, осуществляет контроль за соблюдением работниками структурного подразделения производственной и трудовой дисциплины, правил по безопасности и охраны труда;

Должен знать:

Конституцию РК; Бюджетный кодекс; Трудовой кодекс; законы Республики Казахстан "Об авторском праве и смежных правах", "О культуре", "О государственном имуществе", "О противодействии коррупции", "О государственных закупках". организацию клубной работы.

Требования к квалификации:

высшее (или послевузовское) образование по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или естественные науки, математика и статистика и/или информационно-коммуникационные технологии и/или инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа) и стаж работы в сфере культуры и/или образования и/или науки и/или архивного дела и/или экономики и/или права не менее 3 лет, либо не менее 2 лет для лиц, завершивших обучение по программам послевузовского образования в организациях образования при Президенте Республики Казахстан или в зарубежных высших учебных заведениях по приоритетным специальностям, утверждаемым Рабочим органом, и для лиц, имеющих ученую степень по одному из направлений подготовки кадров: педагогические науки и/или искусство и гуманитарные науки и/или социальные науки, журналистика и информация и/или бизнес, управление и право и/или естественные науки, математика и статистика и/или информационно-коммуникационные технологии и/или инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли и/или услуги (туризм, культурно-досуговая работа).

Перечень документов для участия в конкурсе:

1) заявление на имя председателя конкурсной комиссии с указанием места регистрации, фактического

места жительства, контактных телефонов и;
2) нотариально засвидетельствованная копия документа, удостоверяющего личность;
3) нотариально засвидетельствованная копия документа об образовании с приложением;
4) нотариально засвидетельствованная копия трудовой книжки;
5) резюме на государственном и русском языках;
6) справку по форме №075/у "Медицинская справка (врачебное профессионально-консультативное заключение)", утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-175/2020 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 21579).

7) Участник конкурса может представить дополнительную информацию, относительно его образования, стажа работы, уровня профессиональной подготовки (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикации, а также рекомендации от руководства с предыдущего места работы).

8) Справки о наличии либо отсутствии судимости;

Для участия в конкурсе не принимаются следующие лица:

- 1) моложе восемнадцати лет;
- 2) ранее совершившее коррупционное преступление;
- 3) имеющее непогашенную или не снятую в установленном законодательством Республики Казахстан порядке судимость;
- 4) иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

Дата начала приема документов от лиц, претендующих на участие в конкурсе, определяется со дня размещения объявления о проведении конкурса в средствах массовой информации. Прием документов лиц, претендующих на участие в конкурсе, завершается по истечении пятнадцати календарных дней со дня опубликования объявления о проведении конкурса в средствах массовой информации.

Принимает решение о допуске к участию в конкурсе лица, подавшего документы, в течение пяти рабочих дней со дня окончания приема документов участников конкурса, соответствующих квалификационным требованиям. После утверждения списка лиц, допущенных к участию в конкурсе, Комиссия изучает представленные участниками конкурса документы и в течение десяти календарных дней проводит собеседование с участниками конкурса.

ЖЫЛЫОЙСКИЙ РАЙОН, СЕЛО МАЙКҮМГЕН, УЛИЦА АЙНЫМАС, №74 ГУ "АППАРАТ АКИМА МАЙКҮМГЕНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА" ТЕЛЕФОН ДЛЯ СПРАВОК: 8 (71237) 2 75 01 ЭЛЕКТРОННАЯ ПОЧТА: maikumgen@mail.kz

ҚҰЛСАРЫ

Республикалық газет

Меншік иесі және бас редактор
Әбдіхалық Жәңкейұлы Сисенбердиев

e-mail:
sisenberdiev@mail.ru

Тілшілер қосыны

Ақтобе - Есентүгел Әзи
Ақтау - Сәуірбек Бердібек
Атырау - Айтбай Қарамұрзин
Орал - Мейрамгүл Хасанова
Бейнеу - Қорғанбай Төлебаев
Байғанин - Аманғали Жалдыбекұлы
Мақат - Қуат Мынтурғанов
Жылыой - Дүйсенбек Бөкенов

Мекен-жайымыз: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, 4 ауыл, А.Бисенбаев көшесі- 184 а үй.

Тел./факс: **5-32-59, + 7 701 833 67 61,+ 7 701 841 37 61.**

Индексі 65592, Таралымы 500 дана. Тапсырмалар №0213 .

Авторлар жарияланымдарындағы пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып танылмайды. Қолжазбалар өңделеді және авторға қайтарылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 15.07.2022 жылы қайта тіркеуден өтіп, №КЗ17/РҰ00052103 куәлігі берілді.

Газет айына екі рет, бейсенбі күні шығады.

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет «Құлсарының» компьютер бөлімінде теріліп, беттелді.

Газет «Атырау Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.

Уақытша мекен-жайы: 060005, Атырау қаласы, Ө.Атамбаев көшесі, 7 г үй.

Электронды пошта: e-mail: Atyrau_gazeti@mail.ru

«Құлсары» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.